

Аудандағы нысаналы топтарға жататын адамдардың тізбесіне қосымша енгізу туралы

Күші жойған

Алматы облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 12 қаңтардағы N 9 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Ескелді ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 19 ақпанда N 2-9-99 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 қаңтардағы N 2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 2011.01.14 N 2 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабындағы 1-тармағының 13-тармақшасын, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, халықтың нысаналы топтарына жәрдемдесу мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Ескелді ауданының аумағындағы халықтың нысаналы тобына жататындардың тізбесіне аудандағы уәкілетті органға жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтар енгізілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің бірінші орынбасары Қ. Әлібаева жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Дүйсембінов